



«Евразийский национальный  
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский  
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,  
аудита и статистики

**«МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ УЧЕТА И АУДИТА:  
ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ  
ЭКОНОМИКИ»**

**Сборник статей Международной научно-практической  
конференции 16 апреля 2021 г.**

Нурсултан

УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом  
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

**Рецензент** – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

**Научные редакторы:**

заведующая кафедрой учета и анализа ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор *Г.Д. Аманова*  
PhD, и.о.доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.  
заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН, кандидат экономических наук *М.В. Петровская*

**П78** «Международные стандарты учета и аудита: практика применения в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 16 апреля 2021 г. – Нур-Султан: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2021. – 256 с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 16 апреля 2021 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте [www.enu.kz](http://www.enu.kz)

*Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.*

© Коллектив авторов, 2021  
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2021

ISBN 978 601 337 121 4

## Пандемияның бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікке әсері

*Қабдұш Баян-Сұлу Жеңісқызы,*

*«Есеп және аудит» мамандығының 4 курс студенті  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,  
Қазақстан*

**Аннотация.** Бұл мақалада, мен 2020 жылдағы коронавирус пандемиясының қаржылық есептілікке деген әсерін қарастырамын. Әсіресе, қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың есептілігіне аса назар аударылады. Бұл жерде, мен фирма кәсібінің нәтижесіне әсер ететін – пандемияның ықпалын төмендету жолындағы бухгалтерлік тәжірибе мен әдіс-тәсілдерін ұсынамын. Олар: әділ құн бойынша есепке алу, үлкен табыстармен басқару тәсілі, шығындарды тежеу және кірістерді тегістеу тәсілі. Пандемияның әсерінен болған бухгалтерлік есептіліктің тәуекелділігі мен артықшылықтарының салдары пікір таласқа салынады.

**Кілтті сөздер:** пандемия, бухгалтерлік есеп, әділ құн бойынша есепке алу, үлкен табыстармен басқару тәсілі, шығындарды тежеу және кірісті тегістеу тәсілі, бухгалтерлік есеп әдіс-тәсілдері

Бұл мақалада, мен пандемия кезінде өз істерін жалғастырып жатқан фирмалар үшін бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің кейбір әдіс-тәсілдерін ұсынамын. Пандемия – бұл елде немесе бүкіл әлемді жаулап алған ауру. Коронавирус пандемиясы ең алғашқы рет 2019 жылдың 31 желтоқсанында тіркелді. Бұл мемлекеттің енгізген қатал режимінен ұсыныс пен сұраныстың кенеттен өзгеріп кетуі – фирмаларға кері әсерін тигізді. Осының салдарынан, пандемия көптеген фирмалардың ақша қаражаттарының қозғалысының тежеуіне алып келді. Мен ұйымның қаржылық есептілік көрсеткіштерін және балансты жақсарту мақсатында, қызметкерлерге бухгалтерлік есеп әдістерін қолдануды ынталандыруды ұсынамын.

Пандемия кезіндегі бухгалтерлік есепке деген қызығушылық – бұл ауыр жағдай кезіндегі қаржылық есептілік көрсеткіштерінің маңыздылығымен түсіндіріледі. Бухгалтерлер қиын уақыт кезінде баланстың нашарлауы және кіріс пен шығыстың есептілігін жақсарту мақсатында белгілі бір цифрларды және жолдарды қолдана алады. Жақындағы кризистік жағдайлардағы бухгалтерлік есептің рөлі туралы дебаттарға осы мақала да өз үлесін қосады. Пандемия кезіндегі кейбір бухгалтерлік әдістер қарастырылады, соңында қорытындысымен аяқталады.

Пандемия кезіндегі бухгалтерлік тәжірибе. Индет кезінде экономикалық агенттер өздерінің экономикалық кәсіпке қатысуын тежеуге тырысады. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың әсерінен ауру туындауына байланысты. Қорқыныш сезімі, үрей, қаржылық нарықтың нақты болмауына байланысты көптеген инвесторлар тәуекелділіктен қашады. Олар көбінесе қауіпсіз инвестиция түрін іздейді. Акционерлік капитал – фирмалар үшін тапшылық жағдайында болады, сонымен қатар акционерлік капиталға салынатын жеке инвестициялар қысқартылады. Ал бұл өндірістің құлауына әкеп соғады. Операциондық шығындардың ұлғайып, ал кірістің құлауы – бұл фирмалардың жұмысына кері ықпалын тудырады. Осы жағдайда, фирмалар өз кәсіптерінің нәтижелілігін пандемия кезінде біршама жеңіл түрде өту үшін бухгалтерлік есеп әдістерін қолдана алады.

Әділ құн бойынша есепке алу. Менеджерлер өздерінің міндеттерін қысқарту мақсатында әділ құн бойынша есепке алуды қолдануы мүмкін. Әділ құн бойынша есепке алу – бұл баланстағы активтер және міндеттемелердің балансындағы әділ құн бойынша есеп беру тәжірибесі, ал осы есептіліктің негізі болып табылатын кіріс пен шығыс туралы есептілікте, қазіргі нарықтық баға – нарық есебі деп аталады. Көп міндеттемелері немесе секьютерлендірілген міндеттемелердің қомақты сомасы бар фирмалар пандемия кезінде өздерінің міндеттемелерін нарықтық бағаны қолдана отырып, әділ құн бойынша қайта бағалау стимулдары бар. Бұл төленетін және несиелік тарихы бар жалпы міндеттемелердің сомасын айтарлықтай төмендетеді. Егер келісім шарттарда міндеттемелердің әділ құн бойынша бағалау деген тіркеме болса, онда бұл әдісті қолдануға болады.

Алдыңғы жылы әділ құн бойынша есепке алу тікелей қаржылық тапшылықпен байланысты болды. Алдыңғы зерттеулердің нәтижесі бойынша, әділ құн бойынша есепке алу – 2008 жылы қаржылық тапшылыққа әкелді делінген болатын. Бірақ та, негізінде бұл негізгі

себеп емес болатын. Мысалы, Позен осы әдісті критикаға салған көптеген сарапшыларды сынға алды. Ол банктерден халықаралық дағдарыс кезінде нөлдік ширекте болған кезде және қаржы институттары амалсыз жағдайда болған кезде, проблемалық активтерін жазып алуын талап етті. Кейбір ғалымдар әділ құн бойынша есепке алу халықаралық дағдарыстың басталуына әсер етті десе, ал ғалымдардың екінші жартысы – бұл кризистің шарықтау шегіне жеткізген нәрсе дейді. Әділ құн бойынша есепке алудың пандемияға әсері белгісіз болса да, активтер мен пассивтердің нарықта бағасы белгілі болған кезде, борышкерлер жеңімпаз болып, ал несие берушілер сәтсіздікке ұшырағандар деп болжайды.

Үлкен компаниялар есебі, қаржылық көмек қоры және ынталандыру шаралары. Үлкен компаниялардың есебі – бұл кірісті басқару жүйесі болып табылады, қазіргі уақыттағы активтерді қысқарту мақсатында үлкен есеп-шоттан шығарып тастау, кіріске қарсы қолданылады. Пандемия кезінде ынталандыру шаралары бар қаржылық немесе қаржылық емес фирмалар – олар басқаруда мемлекет тарапынан пандемия кезінде аз өнімділік болу салдарынан көмек ұшын алудың көбірек мүмкіндігі бар. Фирмалар өздерінің болашақ шығындарын азайту мақсатында, қазіргі шығындарын тікелей кіріске шығарумен үлкен кірістерді басқара алады. Пандемия жылындағы үлкен шығыстар кіріске апарылғанда, бұл сол жылдың кірісінің азайғанын көрсетеді, бірақ та болашақта артуын болжайды. Тіпті аудиторлардың тексерісі болып қалған жағдайда да, шығындарды кіріске апару туралы шешім – пандемия уақытындағы өнімділіктің кері әсерінен деп түсіндіреді. Және бұл кірістің төмендеуі, тікелей мемлекет тарапынан алынатын қаржылық көмек қоры және ынталандыру шараларының болуы жеңілдетеді. Бұл алдында да, фирмалардың басқару тиімділігінің нашар болуына байланысты екені – сарапшылардың пікірімен айқындалды. Мұндай фирмалар болашаққа ақша жинау үшін қомақты шығындарды ағымдағы жылы алып тастайды. Бұл осы жылғы қаржылық көрсеткіштердің айқындалмауымен байланысты.

Шығындарды тежеу мен кірістерді тегістеу тәсілінің тиімділігі. Индет кезінде қандай да бір көмектің немесе ынталандыру шараларының болмаған кезде, ұйым өзінің бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалғысы келеді. Сондықтан да, өзінің бәсекелестерінен қалып қалмау мақсатында түрлі бухгалтерлік тәсілдер қолданылады. Пайда мөлшерінің тым төмен немесе тым жоғары болмауы үшін, пайда мөлшерінің ауытқуын төмендетеді немесе тегістейді. Фирмалар пандемия кезінде өздерінің кірістерін – жұмыс күшінің санын қысқарту арқылы да тегістеуі мүмкін. Ал басқа жағынан, фирмалар шығындардан қашу мақсатында, үлкен шығындарды келесі жылға қалдыруды немесе пандемия кезінде кірісті тани алады. Мысалы, фирмалар көлікті, жабдықтарды, бағдарламалық қауіпсіздікті немесе технологиялық жабдықтарды сатып алуды кейінге қалдыра отырып, несиелерді ағымдағы жылы сатып алып немесе болашақтағы ақша қаражаттарының ағынын ағымдағы жылы жүзеге асыра алады.

Кірісті басқарудан қашу – кірістің ұлғаюы. Негізінен, пандемия уақытысы кезінде жабдықтаушылардың өндірісті қысқартуына байланысты, қолдану сұранысының төмендеуі, ал жұмысшылардың жұмыс істеуі қауіпті болуына байланысты фирмалардың жағдайы нашар болады. Болжап отырған кіріс құлауы және акционерлер пандемияға байланысты төмен кірісті және кейінге қалдырылған дивидендтерді күтеді. Бұл кірісті болжаудың төмен екенін көрсетеді, себебі акционерлердің жоғары кірісті аламын деген ынтасының және кірісті басқару шараларына қатысуға деген ынтасы болмайды. Сонымен қатар, арнайы көмек алып отырған фирмалар кірістерді басқару бойынша қатысуға ынтасының болуы төмен. Арнайы қаржылық көмек пандемия кезінде қиын жағдайдағы фирмаларға көрсетіледі, ал егер де ағымдағы жылы фирма үлкен кіріс ала отырып, сонымен қатар қаржылық көмекті де алатын болса, онда сыртқы тараптан критикаға ұшырайды.

Пандемия уақытысы кезіндегі бухгалтерлік есеп ережелерінің жұмсаруы – ауыр жағдай кезде банкротқа ұшыраудан құтқарады. Бірақ та, екінші жағынан, бухгалтерлік есеп ережелерінің жұмсаруы – бухгалтерлік цифрларға өзгерістер жасауы мүмкін. Бұл бухгалтерлік ақпараттардың құнсыздануына әкеп соғады. Пандемия кезінде бухгалтерлік есеп ережелері оңайлатылған түрде болса, онда фирмалар тәуекелділікті азайтуға деген ынталары болмауы

мүмкін. Сондықтан, пандемия немесе басқа да күтпеген мәселелер орын алған жағдайда да, бухгалтерлік есеп ережелері мен стандарттары қатаң түрде бақыланып отыруы қажет.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, бұл мақалада пандемия кезінде қолданылатын бухгалтерлік есеп әдістері қарастырылды. Пандемияның кері әсерін айтарлықтай азайту үшін бірнеше әдіс-тәсілдер ұсынылды. Олар: әділ құн бойынша есепке алу, үлкен табыстармен басқару тәсілі, үлкен кірістерді басқару, шығындарды тежеу және кірістерді тегістеу.

Осыдан, пандемияның салдарын жұмсартуда, фирманың кәсібі үшін бухгалтерлік есептің рөлі айрықша маңызды. Пандемия кезіндегі бухгалтерлік есептің жаңашылдығы мен өзектілігі жайлы бұл мақала - қоғамның пікір-талас сұрақтарының көбісіне жауап табылды деген үміттемін. Пандемия шарықтау шегіне жетіп жатқан жағдайда, бұдан да зор фундаменталды сұрақтар туындайды. Сондықтан, коронавирус пандемиясының байсалдылығы және оның әлеуметтік салдары, қиын жағдай кезінде бухгалтерлік саладағы зерттеулерді және оның қоғамға деген маңыздылығын қарастырып, қайта бағалау қажет.

### Сілтемелер

1. Еспаев С.С. Глобальный финансово-экономический кризис: Причины, особенности и новая арзитектоника. / С.С. Еспаев; институт экономики Комитета науки Министерства образования Науки Республики Казахстан. – Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2013. -381, [3] с. – Библиогр.: с. 364-368. – ISBN 978-601-215-082-7.
2. Абыкаев Нуртай Абыкаевич. Устойчивое экономическое развитие и социальная модернизация в Казахстане : опыт и перспективы / Абыкаев Нуртай Абыкаевич. - Москва : Экономика, 2012. - 331, [1] с. - Перевод. изд.: Sustainable economic development and social modernization in Kazakhstan / N. Abykayev. - Библиогр. в подстроч. примеч. - ISBN 978-5-282-03244-4
3. Досанова Б.У. Развитие бухгалтерского учета в Республике Казахстан в условиях глобализации экономики / Б.У.Досанова // Қазақстанның инновациялық экономикасы-жаһандану жағдайында тұрақты дамудың факторы: VII Астана экономикалық форумы аясындағы жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының еңбектер жинағы, 21 мамыр. – Астана, 2014 – Б.1.-С 81-84 –Библиог.: 6 назв.
4. Абыкаев Нуртай Абыкаевич. Устойчивое экономическое развитие и социальная модернизация в Казахстане : опыт и перспективы / Абыкаев Нуртай Абыкаевич. - Москва : Экономика, 2012. - 331, [1] с. - Перевод. изд.: Sustainable economic development and social modernization in Kazakhstan / N. Abykayev. - Библиогр. в подстроч. примеч. - ISBN 978-5-282-03244-4
5. Мировой экономический кризис: последствия для Казахстана : материалы круглого стола, г. Алматы, 10 декабря 2008 г. / ответственный редактор Б.К. Султанов, Р.А. Алшанов. - Алматы : КИСИ при Президенте РК, 2009. - 123, [2] с. : табл. - Загл. парал. каз., рус. - Библиогр. в конце ст. - ISBN 9965-458-79-0.
6. Колташов Василий. Кризис глобальной экономики / Колташов Василий. - Москва : Институт глобализации и социальных движений (ИГСО), 2009. - 481 с
7. Давыдова О.А. Профессиональное суждение как элемент системы нормативного регулирования бухгалтерского учета // Дискуссия. 2017. №10.С.16-22
8. Проблемы учета по справедливой стоимости / С.С.Манасова, М.А.Тагленова // Жаһандану жағдайында жаңа индустрияландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: IX Астана экономикалық форумы аясындағы жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының еңбектер жинағы, 25 мамыр. – Астана, 2016. - Б.2. –. 375-377.-Библиогр.: 5 назв.
9. Fundamentals of Entrepreneurship / U.Shalbolova, R.Baizholova, S.Yegemberdiev, Zh.Rakhmetulina, M.Ryspekova, A.Nurmagambetova. –Astana, 2018. – 1 electronic disk; в футляре; 14x12 см. – Загл. С этикетки диска; DVD-R.